

УДК 316.7:81.373

**ТҮР-ТҮСКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕ
ҚОЛДАНЫЛАТЫН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР**

Қайырғалымова Саяжан Қуанышқызы

s.kayirgalimova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту
мамандығының

1 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ә.Қ. Мүтәлі

Түр-түс концептілері – белгілі бір халықтың дәстүрлі дүниетанымын айқындайтын негізгі нышандары. Өйткені әр халық, ұлт түсінігіндегі түстердің өзіндік ұғымы мен беретін мағынасы, бейнелейтін таңбасы болады. Әр халықтың тарихи мәдениеті, қоршаған ортасы, салт-санасы, ұлттық психологиясы, діни наным-сенімі, ойлау әдісі т.б. ұқсамағандықтан, түр-түс атауларының ассоциациялық мәні мен ұлттық тілдегі қолданысында айырмашылықтар болатындығына көз жеткіздік. Мысалы: қазақ халқында «сары» түс күн шуағын, жылуды символдайды. Сары түстің қазақ халқы үшін қолданыс аясы аса ауқымды емес. Ағылшын халықтарын да сары түс сатқындық, тұрақсыздық, қызғаншақтық символы. Ал «сары» қытайларда «император түсі». Қытайлардың жер құдайына табынуының символы. Сары түс – қытай халықтарында орталықты, жер кіндігін білдіреді. Патшалық биліктің, шексіз құқықтың символы.

Осындай халықтың этномәдени ерекшелігін дүниетанымын, мәдениеті мен салт-дәстүрінің көрсеткіші саналатын түс атауларын әрбір халықтың фразеологиялық бірліктерінде кездестіруге болады.

Қазақ тілінде түр мен түске байланысты фразеологизмдер мол ұшырасады және кеңінен қолданылады. Олар түрлі мағыналарға ие. Түр-түс ұғымы субъектінің/этностың ментальды қасиеттерін, ұлттық сипатын саралауға, индивидуалды болмысын танытуға септігін тигізеді. Оны концептуалды талдап, жүйелеу әлемнің тілдік бейнесінің санадағы құрылған моделін тануға мүмкіндік береді. Мысалы, қара көз тіркесі қазақ ұғымында, әсіресе әйелдер қауымына байланысты, сұлулықтың нышанын білдіреді. Осы тіркесті енді «өзіміздің қара көз ғой» деп қолдансақ, ол адамның басқа ұлттарға емес, қазаққа тәндігін, өз ұлтымыздың уәкілі екенін аңғартады. Дәл осы сияқты көк көз, қазақ арасында да көк көздер болса да, орыс халқының уәкілін меңзейді. Ал қазақтар ақ көз деп әдетте көзін шел басқан адамдарды айтуы мүмкін. Бірақ бұл арадағы ақ көз көбіне-көп фразеологиялық мәнде қолданылады да, ол «ұрымтал, нар тәуекел, қайтпас қайсар» адамдарды білдіреді [1, 139]. Көріп отырғанымыздай, екі түрлі түстің көздің ауыс мағынасы арқылы фразеология дәрежесіне көтерілуі, міне осындай семантикалық процестерге тығыз байланысты. Ал енді көзге қатысты осы тіркестерді түр-түс бояулары арқылы қимылға, әрекетке келтіріп көрейік: көзі қараю, көзі көгеру, көзі ағару. Бұл тіркестердің жалпы ұқсастығы болмаса, жоғарыда келтірілген қара көз, көк көз, ақ көздермен мағыналық сәйкестігі, қатыстығы жоқ. Олай дейтініміз, көздің қараюы немесе ағаруы көздің түсіне байланысты емес, бұл өзгеріс кез-келген көзден байқалуы мүмкін.

Көзі қызару, көзін қызарту тіркесіне келсек, бұл жерде де негізгі мағынасынан мүлдем алшақ жатқан ауыс мағынасына байқалады: «бір нәрсеге әуестік сезімін оятып, қызықтыру», «қызыққан нәрсені ала алмай, іштей талпыну» [2, 89].

Байқап қарасақ, түр-түс атауларын етістікке айналдырып та тіл мүмкіншіліктерін дамытып, қолданыс өрісін кеңейте түсуге болады екен. Сондықтан да бұл тәрізді фразеологизмдердің сөз шеберлігіміздің бейнелеу тәсілдерінде көркем образ, портрет жасауда, табиғат құбылыстарын реттеуде алатын орны ерекше. Түр-түске байланысты фразеологизмдердің тағы бір ерекшелігі: әсіресе ақ пен қара тәрізді контрасты түстерді алма-кезек қолдану, қарама-қарсы қою арқылы небір өмір көріністерін суреттеуде, логикалық ойды әсерлі етіп жеткізу - таптырмайтын тәсіл. Мысалы, «Ақ деген - алғыс, қара деген - қарғыс», «Аузынан ақ ит кіріп, қара ит шығу» және т.б.

Кез келген халықтың ұлттық әдебиеті мен мәдениеті, халықтық наным-сенімдері, халықтың ұлттық болмысы өз тілінде көрініс табатын халық ұғымындағы түр-түстік ұғымдар, символдар баға жетпес тілдік қазына болып табылады. «Табиғаттағы түр-түстердің барлығы әрқашанда бір заттың, құбылыстың түрін, түсін, өң-реңкін, сыртқы сипатын ғана анықтаумен шектелмейді. Сонымен қатар, түр-түс атаулары мүлдем түр-түске қатысы жоқ, не одан бүгінде тым алыстап кеткен ұғым-түсініктерді, мән-мағыналарды, жөн-жосықтарды білдіретін де қасиеттерге ие» .

Қазақ поэзиясында өзінің ұлттық стиль машығымен дараланып көрінетін ақындардың бірі – Жұмекен Нәжімеденов. Ақын түр-түстің әр түрін терең философиялық ой-сезіммен қолданғанын көреміз. Жер бетіндегі әрбір халықтың шығу тегімен, ұлттық танымымен, салт-дәстүрімен астасып жататын түстер құпиясы ақынды тереңге жетелеп әкетеді. Қазақ халқының жанына жақын түстердің бірі – қоңыр түс. Енді осы түс ақынның түсінігінде қандай орын алды. «Қоңыр түс» өлеңінде тоқталайық.

Қоңыр шешем қоңыр кешті жамылып,
көзін сулап қалып еді камығып.
Қоңыр жолға түсіп едім мен өстіп-
қоңырқай ой маза берер емес түк.
Қоңырайып жатыр алда жол әлі –
кеудем кейде қоңыр күйге толады.
Қоңыр әнмен қазақ бесік тербетіп,
ергізіпті-ау қоңыр-қоңыр баланы.

Осы өлеңнің ішінде «қоңыр» сөзі өң, түс мағынасында қолданылып тұр ма деген сауал туындайды. Ақын мұнда «қоңыр» сөзін түс ретінде қолданбаған, яғни «қоңыр» сөзі фразеологизм ретінде қолданылып тұрғанын көруге болады. «Қоңыр» қазақ халқында үлкен философиялық мәнге ие ұғымдардың бірі. Өлеңде «қоңыр» сөзі бірнеше рет қайталанып келіп, өлеңнің көркемдік ажарын, өңін кіргізіп, стильдік реңк үстеп, қазақ елінің мінезіне тән қарапайымдылығы мен момындығын, мамыражай тыныш өмірін бейнелеп тұр.

Қоңыр күзде қоңыр шаруа күйбеңмен,
қоңсы қонған қоңыр қызға үйленгем.
Қоңыр - қоңыр күй тыңдап ем жасымда –
Шешем қалды қоңыр төбе басында.
Қоянжонға қоңыр ымырт түскенде
Қоңырайып отырамын үстелге ...

Өлеңнің өң бойын құрап тұрған «қоңыр шеше», «қоңыр кеш», «қоңыр жол», «қоңырқай ой», «қоңыр күй», «қоңыр ән», «қоңыр бала», «қоңыр дала», «қоңыр үн», «қоңыр күз» сияқты тіркестер көшпенді қазақтың сахара даласын, философиялық, психологиялық ой-танымын, өнерін, тіршілігін, шаруашылығын, мінез-құлқын, сыпайылығын, қарапайымдылығын көз алдымызға сурет күйінде алып келеді. Өлеңдегі «қоңыр» сөзі ақынның идеясын толықтай айқындап отыр [3, 142].

Кез келген тілдің фразеологиялық айналымдары күрделі құбылыстардың мәнін орынды, астарлы жеткізе білуінің арқасында сөйлеуді байытады. Мәдениетаралық қарым-қатынас үшін олардың мағынасында түсті компоненті бар фразеологиялық бірліктер ерекше қызығушылық тудырады. Түрлі халықтардың символизмінде түстің рөлі зор. Түстердің мағыналары мәдени дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, тұрмыс-салтқа, менталитет пен сананың ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Кейбір жағдайларда фразеологиялық бірліктерде бояудың болуы тарихи оқиғалар мен объективті шындық фактілеріне байланысты болады. Түрлі-түсті компоненті бар фразеологизмдер халықтың өзіндік ой-өрісін, ұлттық мінез-құлық ерекшеліктерінің айшықтылығын және бір тілді екінші тілден ерекшелейтін ерекше бояуын көрсетеді. Күрделі құбылыстардың мәнін орынды, бейнелі жеткізе білуінің арқасында сөйлеуді байытады.

Негізгі түс белгілерін белгілеу мақсатында дүние жүзі халықтарының мәдениеттеріндегі түс бейнелерін талдауды лингвистикалық универсализмді жақтаушылар Б.Берлин, П.Кэй, В.Тернер жүргізді. Олардың зерттеулерінің нәтижелері барлық заманауи үндіеуропалық тілдердегі негізгі түс белгілеулерінің толық сәйкестігін көрсетті. 11 түсті термин анықталды: қара, ақ, қызыл, жасыл, сары, көк, қоңыр, күлгін, қызғылт, қызғылт сары, сұр. Лингвокультурологиялық аспектіде түс атаулары халықтың мәдениетімен байланысты. Н.В.Серов пен М.Б.Талапинаның пікірінше, түсті білдіретін сөздер лингвистикалық және экстралингвистикалық мазмұн біріктірілген лингвомәдениет ретінде қарастырылады. Түс дінде, өнерде, сәнде бар және әрқашан адамзаттың өзін-өзі танытуына ықпал етеді, түс - біздің интеллект сапасының көрінісі. Түсті белгілеу психолінгвистикалық аспектіде де қарастырылады. «Түстер әлемі» түсті есте сақтау және танумен байланысты әртүрлі психикалық процестер деңгейінде көрінетін таза психикалық құбылыс деп санайды. Қарым-қатынас процесінде бұл процестер мәтіндер арқылы, біздің жағдайда түс белгілеу компоненті бар фразеологиялық бірліктер арқылы бейнеленеді. Түс атауларының фразеологиялық бірліктер құрылымында кеңінен қолданылуы түс ұғымының өзін символдық мазмұнымен қайта қарастырумен байланысты. Нақты субъектілік қатынастардан алшақтай отырып, сөздер – түстік белгілеулер шартты, абстрактілі болып, өз кезегінде сан алуан ұғымдарды анықтайды. Түстер қоршаған ортада ақпараттық рөл атқарады, сондықтан олар әртүрлі ұғымдар мен құбылыстардың ортақ символына айналды.

Осының арқасында түс атау жүйесі ең көне терминологиялық жүйелердің бірі болып табылады.

Әрбір мәдениеттің өзіндік түстер жиынтығы бар. Еуропа мәдениетінде негізгі түстерге ақ, қара, қызыл, көк, жасыл, сары жатады. Түсті белгілеу кез келген халықтың дүниесінің тілдік суретіне органикалық түрде енетін сөз тіркестерінде, идиоматикалық тіркестерде, фразеологиялық бірліктерде жүзеге асады. Сонымен, әртүрлі мәдениеттердегі ақ түс үміттің, мейірімділіктің, сүйіспеншіліктің, қуаныштың және оларға жақын басқа да ұғымдардың символы болып табылады. Мысалы, ақ адам – әдепті, адал, әдепті адам, бір күнді ақ таспен белгіле – күнді бақытты, мәнді деп сана. Ағылшынның ақ түсі тазалықпен, кінәсіздікпен, адалдықпен байланысты: white lie (white lie) – жазықсыз өтірік, ақ өтірік; white-handed (қолы таза) – әдепті, адал, кіршіксіз.

Түр мен түске байланысты тұрақты сөз тіркестері тақырыптық жағынан топтастырғанда анықтағанымыз: адамға байланысты оның сырт келбетін, психикалық-физиологиялық ерекшеліктерін, моральдық қалпын, іс-әрекетін, ойлау, сөйлеу қабілетін, туыстық қатынастарын, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасын, тән және жан қажеттіліктерін бейнелейтін тіркестер өте мол. Ал, ағылшын тіліндегі түс компонентті фразеологиялық бірліктерге келсек: A white-collar worker/job etc (a non-manual worker e.g. office worker/ professional or business work etc.) – онша ауыр іс-әрекет жасамайтын адам жайлы сөз болып тұр. A (little) white lie (a lie which does no harm and is more polite than the truth, usually told to spare someone's feelings or for convenience. I don't want to go to Steve's party, so I'll him I won't be in town until late on that evening. A little white lie is better than hurting his feelings) ешкімге зияны жоқ жалған, «ардақты өтірік», орыс тілінде «сладкая ложь». «White elephant» (rare, valuable but perhaps unwanted) – сирек кездесетін бағалы кей жағдайда қажетсіз зат.

Және де ағылшын тілінде де бір түс бірнеше мағынаны беруі мүмкін. Мысалы, Blue

Blue devil — меланхолия, көкбауыр.

Boys in blue — полицейлер; матростар.

Once in a blue moon — өте сирек.

Blue-eyed boy - олар біреудің сүйіктісіне қатысты айтады.

Scream blue murder - ауыр бірдеңе болғандай қатты айқайлау немесе шағымдану.

True blue teacher – «нағыз көк мұғалім». Нағыз көк түс Ұлыбританиядағы Консервативті партияның адал мүшесін сипаттау үшін тарихи түрде қолданылған. Біртіндеп қолданысқа еніп, күнделікті тілге енді. Енді ол кез келген адамның сипаттамаларында қолданылады, оның мағынасын білдіреді. Бұл идиома нағыз, берілген мұғалім дегенді білдіреді. Идиомалардың шығу тегі адамдардың менталитетімен тығыз байланысты [4].

Фразеологиялық бірліктер де сөздер сияқты мағынасы жағынан ерекшеленеді: олар көп мағыналық, омонимдік, синонимдік немесе антонимдік болуы мүмкін. Ағылшын тілінің идиомалары мен фразеологиялық бірліктері сөзбе-сөз аударылмайды. Фразеологиялық бірліктерді қолдану ағылшын тілін жарқын және бейнелі етеді, дегенмен фразеологиялық бірліктерді қолдану жиі кездесетін сөйлеуді және кітаптарды түсінуді қиындатады [5].

Кез-келген тіл сияқты, қазақ тілінің де, ағылшын тілінің де дүниетанымы мен әдет-ғұрып ережелерін, тыныс-тіршілігі элементтерін түс атаулары арқылы да аңғаруға болады. Әлемнің тілдік бейнесін түзуде түс компонентінің атқаратын рөлінің бар екендігі аңғарылады. 1-кестеге назар аударсақ.

1-кесте. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «қызыл» түсінің мәні

Қазақ тілінде	Ағылшын тілінде
<p>1. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің құрамында келетін «қызыл» түс те бірнеше мағынада жұмсалады. «Қызыл» түсі Күннің, Оттың түсіне байланысты қабылданып, күні бүгінге дейін көптеген халықтар үшін солардың символы ретінде қасиетті түс болып саналады.</p> <p>2. Табиғи құбылыстарға байланысты айтылатын сөздер: қызыл іңір, қызыл су, қызыл арай тіркестері бар</p> <p>3. Қазақтар арасында «қызыл орамал»- тұрмысқа шықпаған қыздың белгісі болып саналған. Қызыл орамалды қызы бар үйді қызыл үй деп те атаған. Қызыл сөзінің «Жас», «жаңа туған» деген де мәні бар екенін тіліміздегі қызыл шақа, қызыл қарын жас бала деген сияқты тіркестермен берілген. Қызыл қарын жас бала - ес біліп, етек жаппаған, буыны қатпаған, ер жетпеген бала. Қызыл шақа - шыр етіп жаңа туған бала, құс балапаны.</p> <p>4. Қызыл қанның түсі болғандықтан, ең алдымен, бұл түс арқылы жасалған фразеологизмдер қан немесе ет мәнінде қолданылады. Мысалы, қызыл ала қылу, қызыл көрген құзғындай, қызыл көрмеу.</p> <p>5. Қазақ тіліндегі фразеологизмдер құрамындағы қызыл түс көбіне соматизмдермен тіркесіп, ұрыс, төбелес мағынасын береді. Мысалы, қызыл кеңірдек болу, қызыл көз, қызыл танау болу, қызыл тер болу.</p>	<p>1. Қызыл түс ағылшын мәдениетінде қауіп қатер, зорлық-зомбылық, қанды қырғын, заң бұзушылықты білдіреді. “red hands” (сөзбе-сөз: қызыл қол) қаз: “қанды қол”, “be caught red-handed” қаз ауд: “қылмыс үстінде ұсталу”, “red battle” қаз: “қанды қырғын”; “red revenge” қаз: “қанмен кек алу”; “red activities” (сөзбе-сөз: қызыл әрекет); қаз: “зорлықты әрекет”; “the red rules of tooth and claw” немесе “red jungle rules” ауд: “қылышынан қан тамған билік” мағынасында. Ағылшындар мемлекеттің құпия құжаттарын “red-cover papers” (сөзбе-сөз: қызылмен тысталған қағаз) деп атайды, қаз: “құпия құжат”, құжаттың қызыл түспен қапталуы қауіп-қатердің символы болған.</p> <p>2. Қызыл түс ағылшын мәдениетінде “шамына тию, ашуландыру” мағынасын білдіреді. “red rag”, “red rag to a bull”- (сөзбе-сөз: бұқаны ашуландыратын қызыл мата) “шамына тию”, “ашуын қоздыру”, “to see red” “тосын ашулану”, “see red” қаз. ауд.: “от алып қопаға түсу, ал “like a red rag to sb” қаз.: “ашуландыру, шамына тию” мағынасында, бұл фраза да ағылшындардың бұқа сүзістіру ойынына байланысты келіп шыққан.</p> <p>3. Қызыл түс ағылшын мәдениетінде тағы қуаныш-шаттық, бақытты мағынасымен ассоциация құрайды. Ағылшын халықтары да “red” – қызыл түс арқылы бақытты, қуанышты күнді білдіреді. Мысалы: “a red-letter day” деп күн тізбегіндегі “қуанышты, мерекелі күндерді” білдіреді. Бұл ертедегі діни наным-сенімнен келіп шыққан. “red-letter” (сөзбе-сөз: қызыл әріп) қуанышты, мерекелі мағынасында қолданылады.</p> <p>4. Ағылшындардың қызыл кілемі құрметті қонақтарды салтанатпен қарсы алғанда жерге төсейтін әшекей бұйым, мысалы, “receive a red carpet treatment” қазақша ауд: салтанатпен қарсы алу; “a red carpet visitor” –“құрметті қонақ, сұлу қонақ”; “roll a red carpet for sb” немесе “give sb a red carpet reception” яғни, сұлу қонақты салтанатпен қарсы алу мағынасында.</p>

Кестеден көргеніміздей, қазақ тіліне қарағанда, ағылшын тілінде адамның мінез-құлқына, жас шамасына, табиғат құбылысына, территорияға, адамның сыртқы пішініне, уақыт, мезгілге, ренжісу, ұрысқа байланысты фразеологизмдер аз болып келетіні анықталды. Керісінше, ағылшын тілінде ақша мен мүлікке, ас/тағамға, қоғамға байланысты фразеологизмдер басым екені айқын болды. Бұл екі тілдің территориялық және даму деңгейінің көрсеткіші [6]. Айтпағымыз, яғни тағы бір атап өтетін нәрсе қазақтар ағылшындықтарға қарағанда эмоционалды, қызу қанды, өз

сезімдерін тіке көрсететін халық. Олай дейтініміз, тематикалық талдауда ұрысқа, ренішке, бата, қарғысқа, өлімге, салт-дәстүрге байланысты фразеологизмдер өте көп. Негізі, жағымды да жағымсыз да болып келуін атап өту керек. Бұл біздің халқымыздың, тіліміздің ерекшелігі және байлығы деп ойлаймыз.

Қорыта айтқанда, түс адамның қоршаған әлемді қабылдауында маңызды рөл атқарады. Айналадағы дүниені, табиғатты түспен көру адам табиғаты, жаңа заттарды жасау арқылы оларға пішін беріп қана қоймай, оларға түрлі-түсті сапалар береді. Түсті белгілеу компоненті бар фразеологизмдер халықтың орасан зор рухани байлығына тікелей жол ашады, халықтың ойлау, діл, ұлттық мінез ерекшеліктерін көрсетеді және мәдениетаралық қарым-қатынас процесінде адамдардың өзара түсінісуінің аса маңызды құралы болып табылады. Өмірлік маңызды ұғымдарды білдіретін түсті белгілеу көптеген фразеологиялық айналымдардың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, олар кеңінен қолданылады және көп мағыналы. Семантикалық табиғаты бойынша олар фразеологиялық бірліктерге эмоционалды-экспрессивті қасиет пен образдылық әкеледі. Түс сол сияқты халықтың тарихынан бастау алатын маңызды мағыналық жүкті көтереді, ал түсті қабылдау табиғатында жеке мәдениеттерде ұқсастықтар да, айырмашылықтар да бар. Демек, түс семантикасы түстердің өзара әрекеттесу принципі бойынша адамдарды біріктіретін әмбебап мәдени сипаттама болып табылады. Сондықтан түстік белгілер компоненті бар фразеологиялық бірліктер шет тіліндегі оқу процесінің құрамдас бөлігі болуы керек, өйткені олар студенттердің сөздік қорын байытуға, экспрессивті формасы арқылы хабардың мазмұнын жоғары дәрежеде эмоционалды бояумен жеткізуге мүмкіндік береді, олардың сөйлеу белсенділігіне ықпал етеді. Фразеологиялық бірліктерді оқу-тәрбие үрдісінде қолдану шет тілі мұғаліміне практикалық, жалпы тәрбиелік, дамытушылық және тәрбиелік міндеттерді тиімді шешуге көмектеседі. Мұндай материалды оқу процесіне енгізу студенттердің ой-өрісін кеңейтуге, олардың шет тілдік қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге, сондай-ақ оларды оқытылатын тіл елінің мәдениетімен таныстыруға қосымша мүмкіндіктер жасайды. Ағылшын тілі фразеологизмінің ірі маманы Александр Владимирович Куниннің «Фразеология – тіл қазынасы» деген пікірі осының дәлелі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қайдаров Ә. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992, 139 б.
2. Қайдаров Ә. Сырға толы түр мен түс. – Алматы: Ана тілі, 1986. 89 б.
3. Ахметова А. Жүмекен Нәжімеденов поэзиясындағы «түстер» сыры // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №5-6. 2012. 141-145 б.
4. Копжасарова, У. И., Шипицына А.Ю. Семантические особенности цветообозначений во фразеологизмах английского и русского языков // Серия Филология. 2014. 18-19 б.
5. Қаймова Б.Қ. Түс компонентті фразеологиялық бірліктің этномәдени ерекшеліктері. –Алматы, 2015. 361 б.
6. Айтқазы С. Ағылшын мәдениетіндегі «red» (қызыл) түсінің ұлттық-мәдени сипаты // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. №2(55). 2011. 46-47 б.